


Республикалық инсульт проблемалары жөніндегі үйлестіру орталығының халықаралық ынтымақтастығы

■ 2023 жылғы 3 наурызда РИПҮО бас маманы С. Г. Медуханова ҚР ДСМ «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК және Қазақстандағы ДДҰ өңірлік кеңсесімен бірлесіп ұйымдастырылған «Fast Heroes» жобасы бойынша ҚР мұғалімдеріне арналған тренингте спикер ретінде сөз сөйледі.



■ 4 наурызда РИПҮО қызметкерлері Мәскеу, Ресей Федерациясы Халықаралық қатысуымен «Дәлелді неврология» онлайн конференциясында «Босанғаннан кейінгі кезеңдегі пациенттегі CLOCCs» баяндамасымен сөз сөйледі.

■ 23 мамырда РИПҮО директоры Еуропалық инсульт ұйымының (ESO-EAST) алдында «Қазақстандағы инсульт қызметі» баяндамасымен сөз сөйледі.

■ 26 мамырда РИПҮО директоры С. Г. Медуханова Еуропалық инсульт ұйымының конференциясы аясында Angels Initiative мүшелерінің жыл сайынғы кездесуінде Angels Initiative-пен бірлесіп инсульт қызметінде атқарылған жұмыстар туралы баяндамасымен сөз сөйледі.



■ 2023 жылғы 6-7 шілдеде Астанада Қазақстан Республикасы инсульт қызметі мамандарының халықаралық қатысуымен «Инсульт мектебі-2023» ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Бұл конференцияда отандық жетекші мамандар, сондай-ақ алыс шетелден шақырылған спикерлер: Франческа Романа Пеззелл, MD, PhD, BSc, MBA, FESO, Италияндық инсульт қауымдастығы (Рим, Италия), «Еуропадағы инсультке қарсы іс-қимыл жоспары: кеңейетін уақыт келді! Континуумның барлық кезеңдерінде инсультке көмек көрсету сапасын арттыру стратегиясы»; Джанлука Де Рубейс интервенциялық нейрорадиолог, нейрорадиология бөлімі, Сан-Камилло Форланини ауруханасы (Рим, Италия) «Ангиографиялық зертхананың қызмет көрсету сапасын ұйымдастыру және бақылау»; Трещинская Марина Анатольевна медицина ғылымдарының докторы, П. Л. Шупик атындағы Ұлттық медициналық жоғары оқу орнынан кейінгі білім академиясының Анестезиология және қарқынды терапия кафедрасының профессоры (Киев қ., Украина) «Ишемиялық инсульт менеджментінің өзекті мәселелері», Александрас Вильонскис доц. проф., м. ғ. д., PhD, FESO, Вильнюс университетінің республикалық ауруханасының инсульт орталығының меңгерушісі, Вильнюс университетінің клиникалық медицина институты (Вильнюс, Литва), «Жедел инсультті емдеуді оңтайландыру және инсульт көмегін жақсарту үшін инсульт желісін ұйымдастырудың рөлі». Лев Приступюк Angles бастамасының кеңесшісі, (Украина), Мария Шевердина Angles бастамасының кеңесшісі, (Германия) "Angles Initiative-ден инсульт кезіндегі кезек күттірмейтін көмек бойынша интерактивті Workshop" өткізді.

■ 6 қазанда РИПҮО қызметкерлері RES-Q тіркелімі бойынша Қазақстанның сапа мониторингі жүйесіне қатысты Angles Initiative-мен онлайн кеңес өткізді.



- РИПУО басшысы Сабина Гарафовна Медуханованың 2023 жылғы 4-5 желтоқсанда теледенсаулық сақтау тұжырымдамасын әзірлеу жөніндегі ұлттық Жұмыс тобымен дөңгелек үстелге қатысуы.



35 likes

whokazakhstan 📍 4-5 декабрь страновой офис ВОЗ в Казахстане и Министерство здравоохранения РК при финансовой поддержке Европейского Союза @euinkazakhstan провели круглый стол по разработке национальной концепции развития телемедицины на 2024-2028 г. В мероприятии приняли участие эксперты из сферы здравоохранения и информационных технологий.

Инсульт қызметі мамандарының біліктілігін арттыру:

- 9 ақпан мен 9 сәуір аралығында РИПУО қызметкерлері "Angels" бастамасымен бірлесіп сертификат бере отырып, инсульт қызметінің мейіргерлеріне арналған оқыту курсын өткізді. ҚР-ның 100-ге жуық мейіргері оқытылды.

lev.prystupiuk@iqvia.com

Серия тренингов от Инициативы Angels для медицинских сестер_февраль 2023_Программа

Sheverdina, Maria <maria.sheverdina@iqvia.com>
to Maria, Lev

Wed, Jan 25, 7:16 PM

Russian > English Translate message Turn off for: Russian

Уважаемые Коллеги!

С радостью хотим Вам сообщить, что **9 февраля 2023** года мы планируем начать **серию тренингов от Инициативы Angels для медицинских сестер**. Тренинг будет проводить ведущие инсультологи и медсестры Украины.

Темы тренинга включают: общие понятия про инсульт и его лечение, роль медсестры в инсультном отделении, позиционирование пациента, профилактика пролежней, питание пациента с инсультом, стандартизация оказания помощи, психологические аспекты работы с пациентами и другие темы. Данный тренинг будет интересен не только медсестрам, но и молодым специалистам, и реабилитологам.

- Серия тренингов будет состоять из 4 онлайн занятий. Занятия будут проходить 1 раз в неделю на платформе Zoom. По окончании курса участники получат сертификат
- Во время тренинга Вы сможете задавать вопросы нашим Спикерам
- В приложении Программа нашего тренинга**


(!) На тренинге будут участвовать шесть стран с разным часовым поясом, поэтому для Вашего удобства на **первой странице программы** мы указали **время начала тренинга для каждой страны**. Но **время начала** каждой темы тренинга прописано **по часовому поясу Украины**.

Очень просим Вас, как главного представителя от Вашей страны, выступить в первый день тренинга с общим обзором про состояние инсультной службы в Вашей стране – примерно 5 минут. Время выступления прописано на первой странице программы.

- Для того, чтобы подключиться к тренингу, необходимо зарегистрироваться по этой ссылке: [Meeting Registration - Zoom](#)
- После регистрации, на указанную электронную почту придет ссылка на подключение на тренинг. Эта ссылка будет действительна все дни тренинга.

■ Лев Приступок, Angles бастамасының консультанты, Қазақстан Республикасының инсульт орталықтарының мамандары үшін инсульттің жіті кезеңінде пациенттерді емдеу және емдеу тактикасы бойынша оқыту жүргізді: 6-7 шілде Астана қ., 10-12 шілде Атырау қ., 13-16 шілде Ақтау қ., 17-19 шілде Ақтөбе қ.





■ 2023 жылғы 18-30 қыркүйек аралығында Басқарма төрағасының медициналық бөлім жөніндегі орынбасары Әділбеков Ержан Боранбайұлы Токио қаласында және Жапонияның Кавагое қаласында өткен «Инсульттан кейін оңалту» практикалық семинарына қатысты. Жапониядағы жалпы оңалту жағдайын, инсульт мысалын, сондай-ақ денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіндегі оңалту орнын, осы саладағы білім беру мен адам ресурстарын бөлуді, «Қауымдастыққа негізделген оңалту» механизмін зерттеу.

Семинарды JICA Japan international Cooperation Agency компаниясы ұйымдастырды. Семинарға қатысу үшін Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан мамандары шақырылды.

Семинардың қысқаша мазмұны:

Жапонияда инсультпен ауыратын пациенттерді оңалту 3 кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезең - пациенттерді жедел кезеңде стационарда емдеу. Бұл кезеңнің ұзақтығы 150 күнге дейін жетуі мүмкін.

Екінші кезең - қалпына келтіру. Оңалту мамандандырылған оңалту стационарларында жүргізіледі, осы кезеңнің ұзақтығы шектелмейді.

Үшінші кезең – күндізгі стационар немесе көшпелі оңалту. Пациенттердің стационарда болуы күн сайын 4 немесе 8 сағатты құрауы мүмкін немесе мамандар үйде оңалту шараларын жүргізеді. Мұндай пациенттер үшін үйден медициналық мекемеге және кері қарай трансфер ұйымдастырылған. Бұл кезең «күнделікті өмірге оралу» деп аталады, оның ұзақтығы да шектелмейді.

Оңалтуды орта медициналық білімі бар мамандар, физиотерапевттер, спич-терапевттер (логопедтер), психологтар мен физиотерапевттердің көмекшілері жүргізеді.

Сондай-ақ, округ әкімшілігі инсульт алған адамдар үшін ерікті физиотерапевттерді тарта отырып, топтық сабақтар ұйымдастырады.

Оңалту қызметтерін 90 % - мемлекет және 10% пациент пен оның туыстарының қаражаты есебінен жабады.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалпына келтіруге (гигиена, тамақтану, бос уақыт) ерекше назар аударылады. Стационарларда пациенттерге үйде пайдалану үшін жалға берілетін әртүрлі ортездердің, сондай-ақ әртүрлі медициналық бұйымдардың (таяқтар, мүгедектерге арналған арбалар және т.б.) көп саны бар. Стационарлардың инфрақұрылымы пациенттердің қажеттіліктеріне және олардың ыңғайлылығына сәйкес келеді.

Практикалық семинардың қорытындысы бойынша ерте және одан әрі үздіксіз оңалту адамды қоғамға және таныс, сапалы өмірге қайтару үшін қажет екендігі объективті түрде атап өтілді.





■ 005 «Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 2023 жылғы 4 желтоқсаннан бастап 15 желтоқсан аралығында Түркияның Ыстанбұл қаласында «Инсульт бойынша қарқынды терапия» оқу курсына әртүрлі өңірлерден инсульт қызметінен 10 шақты маман қатысты.